





«БЕКТЕМІН»
«Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ
басқарма төрағасы-ректоры
А.М. Наметов
«29» _____ 2025 ж.

**КОМПАЕНС-ОФИЦЕРДІҢ
ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ**

СМЖ 07. ЛН 202

№ 01 басылым

№ __ дана

Дайындалды: 27.08.2025 м. Ихсанов Е.Б. 	Келісілді: 28.08.2025 м. Таубаев Ө.Б.  Алмагамбетова М.Ж.  Ундаганова А.Г. 	Енгізілді: 02.09.2025 м. Орнына: СМЖ 07. ЛН 202 31.08.2022 ж. Қайта қаралуы: 02.09.2028 м.
---	--	--

Мазмұны

1. Бағыты
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			ТАӘ	Қолы

1. Бағыты

Бұл нұсқаулық Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне және «Білім туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарына сәйкес дайындалды

2. Қолдану саласы

Бұл нұсқаулық комплаенс-офицера арналған.

3. Лауазымдық міндеттері

3.1. Комплаенс-офицердің міндеттері:

3.1.1 сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеуші талаптардың және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

3.1.2 Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

3.1.3 сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;

3.1.4 заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3.1.5 қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;

3.1.6 сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және өзектендіру;

3.1.7 сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;

3.1.8 мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдау;

3.1.9 Заңға сәйкес мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген Қоғам қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауына мониторинг жүргізу;

3.1.10 корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту;

3.1.11 қоғам қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауын бақылау;

3.1.12 сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және / немесе оларға қатысу;

3.1.13 сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы өзгерістерді, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасын мониторингілеу және талдау.

3.2. Комплаенс-офицер білуі қажет:

3.2.1. ҚР қолданыстағы заңнамаларын;

3.2.2. Қолданыстағы азаматтық, еңбек, қаржылық, әкімшілік құқықтарын қолдану тәжірибесін;

3.2.3. Құқықтық қызметке қатысты жоғары тұрған және басқа да органдардың қаулыларын, өкімдерін, бұйрықтарын, басқа да басқарушылық және нормативтік құжаттарын;

3.2.4. Заңнама бойынша анықтамалық-мәліметтік жұмыс жүргізуді механизациялау мен автоматтандырудың (компьютерлік техниканы) техникалық әдістерін, ұйымдастырушылық техникаларын және оларда жұмыс жасауды;

3.2.5. Қызметтік тексерісті жүргізу негіздерін;

3.2.6. Университеттің ішкі тәртібін және ұжымдық шартты.

3.3. Бағыныштылығы:

3.3.1 Комплаенс-офицер университет басқарма төрағасы-ректорының бұйрығымен қызметке тағайындалады және босатылады;

3.3.2 Өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде тікелей Университеттің Директорлар кеңесіне бағынады.

3.4. Біліктілік талаптары:

3.4.1 Жоғары заң білімі және мамандығы бойынша стажы кемінде 5 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс;

3.4.2 Мемлекеттік тілді жетік және компьютерде жұмыс жасай білуі керек.

4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі

4.1. Комплаенс-офицер құқылы:

4.1.1. Университет басшылығының тапсырмасы бойынша университеттің барлық қызметтері мен бөлімдерінде ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының сақталуына тексеріс жүргізуге;

4.1.2. Қызметтік тексерісті жүргізуге қажетті анықтамаларды, есептерді, қорытындыларды, түсініктемелерді және басқа да құжаттарды университеттің бөлімдерінен сұратуға

4.1.3. Өзінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында университет басшылығынан қолдау алуға.

4.2. Жауапкершілігі:

Комплаенс-офицер қолданыстағы Еңбек кодексінде анықталған шекте Университет алдында тәртіптік және материалдық жауапкершілікте болады:

– «Ішкі тәртіп ережесін», осы нұсқаулықпен анықталған өзінің лауазымдық міндеттерін, университет басшылығының бұйрықтары мен нұсқаулықтарын орындамағаны және тиісті деңгейде орындамағаны үшін;

– Оның кінәсінен Университетке келтірілген материалдық шығын үшін;

– ҚР қолданыстағы заңнамаларына, университеттің ішкі нормативтік актілеріне сәйкес басқа да бұзылушылықтар мен қылықтар үшін.

5. Құжаттама

6. Сілтеме

ҚР «Білім туралы» Заңы 27.07.2007ж. № 319-III;

ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015ж. № 414-V;

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015ж № 410- V.;

«Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы» 30.12.2020 ж. № 553;

ҚР СТ ИСО 9001-2009 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар;

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ Жарғысы;

Университеттің Ішкі тәртіп ережесі. СМЖ 07.ҚЕ.07;

ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттар.